

үстеме шығындарының үлесі жоғары, шығарылатын өнім ассортименті көп түрлі және тұтынылатын ресурстарының көп түрлілігімен ерекшеленетін ұйымдар үшін тиімді.

1. Дәуренбекова Ә.Н. Шығындарды басқару: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2009. – 158б.
2. Управленческий учет для нефинансовых менеджеров. П. Атрилл, Э.М.Лейни. – Денпропетровск, 2003г.
3. Друри, Колин. Управленческий и производственный учет. Вводный курс: учебник для студентов вузов /К. Друри.- 5-ое изд., переаб. и доп. – М.:ЮНИТИ-ДАНА,2005.-735с.

\*\*\*

В этой статье дана сравнительная характеристика основных трех систем калькулирования затрат: прямая система калькулирования себестоимости продукции, традиционная и функциональная системы калькулирования затрат.

\*\*\*

This paper presents the comparative characteristics based on the three systems of calculation of costs: direct system of calculation of the cost of production, traditional and functional system of calculation of costs.

**Б.А. Жумабеков**

## **ИНФЛЯЦИЯНЫҢ КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ӘСЕРІ**

Инфляция мәселесі дүниежүзілік экономикада маңызды орын алады оның көрсеткіштері мен әлеуметтік – экономикалық салдарлары елдің, кәсіпорындардың және бүкіл әлемдік шаруашылықтың экономикалық қауіпсіздігін бағалауда күрделі рөл атқарады. Қазіргі замандағы жағдайларда осы мәселенің өзектілігі инфляцияның дамуының мәнін, терендетілген себептерін және оның ерекшеліктері мен инфляция зардаптарын азайту саясатының негізгі бағыттарын айқындау қажеттілігімен анықталады. Дүниежүзінде ХХғ. екінші жартысында инфляция болмаған елдер тіпті жоқ.

Қазақстандағы макроэкономикалық құбылыстардың ерекшеліктеріне келсек, бұл «стандартты емес» нарықтық құрылым. Кеңестік Республикалар ыдырап, күйреген кезде Қазақстанда тауар тапшылығы қалыптасқаны белгілі. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі бірінші үш жылдықта Ресейден тауарлар алу үшін алынған несие көлемі бір жарым млрд. доллардан артып кеткен болатын. 1993-1996 жылдары Қазақстандағы бағалардың өсуі мен ақшаның құнсыздануы 2000%-тен 20%-ке дейін төмендеді. Бұл кездері Қазақстанда гиперинфляция қалыптасты, тек өзіміздің ұлттық валютаны (теңгені) енгізгеннен кейін ғана, Қазақстан инфляцияға қарсы саясат жүргізіп, оның деңгейін 3 жылдың ішінде 100 есе төмендетті. Реформаның барлық кезеңінде кейде әсіре инфляцияға арналған өршімелі инфляция экономикалық дағдарыстың дәлелді сипатыты болып табылады. Тұтыну бағалары 1992 ж. 3006 %-ды, 1993 ж. 2266 %-ды құрады. Инфляцияның айлық қарқыны көбіне 30% мөлшерінен асты, ал 1993 ж. қараша айында ол 55 %-ға жетті. Бұл жағдай стагфляция деп аталады. 1994 ж. сегіз ай мерзімінде инфляция деңгейі 1993 ж. осы мерзіммен салыстырғанда 608 %-дан 759 %-ға көтерілді. Үкімет және Қазақстан Республикасының ұлттық банкі жүргізген қатаң монетарлық саясат арқасында жағдай өзгеріп, инфляция айына 18-19% деңгейінде тұрақтанды. Ал кейінірек, инфляцияның жалпы деңгейін сипаттайтын тұтыну бағаларының индексі 1997 ж. - 11,2 %; 1998 ж. - 1,9; 1999 ж. - 17,8; 2000 ж. - 9,8; 2001ж. -6,4 %-ды құрады. Бұл өтпелі кездегі Қазақстанның макроэкономикалық деңгейдегі айтарлықтай жетістігі болды. Бірақ кәсіпорындардың жұмыс істеуіне айтарлықтай кедергілер келтіріп отырды. Кәсіпорын қызметін жүзеге асыру барысында өндіріс құлдырап қалды, ал инфляцияға қарсы күрес тек мемлекетпен жүргізіліп, кәсіпорынға соған бағынуға ғана тура келді. Кәсіпкерлер өз қызметі барысында инфляция деңгейінен асатын таза пайда тауып

отырмаудан басқа шара болмады. Осыған байланысты есептілікте инфляция жағдайында салық салынғанға дейінгі табыстан инфляция деңгейінде түзетулер жүргізу қажеттілігі туындап отыр.

Инфляция жағдайындағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің инфляция жағдайында қалыптасуын былай қарастырсақ болдады. 70-ші жылдардың ортасына дейін инфляция жағдайында есеп пен есептілікті жүргізу бойынша ұсыныстар жалпы сатып алушылық қабілеті әдісіне негізделді. Содан соң ағымдағы құн әдісін қолдануға қатысты сұрақ талқылана бастады және жиырмасыншы ғасырдың сексенінші жылдарында бұрыннан қолданыстағы 6 ҚЕХС ауыстырған 15 ҚЕХС шықты.

15 ҚЕХС компанияның есептік ақпараттарды бағаның өзгерісін көрсететін есептің әдісін қолдана отырып, ұсынуы тиіс екенін белгілеген. Негізгі екі әдіс (ақшаның жалпы сатып алушылық қабілетіне және ағымдағы шығындарға негізделген) немесе олардың құрамдастырымы қолданылды.

1990 жылдың 1 қаңтарынан бастап, ҚЕХС 29 (бұл стандарттың елеулі өзгерістерсіз соңғы редакциясы 2003 жылы шықты) қолданысқа түсе бастады. Осы құжатқа сәйкес компаниялардың есепті кезеңдегі және алдыңғы өткен кезеңдердегі қаржылық есептілігі (оның нақты немесе қалпына келтіру құнының қайсысына негізделгеніне қарамастан) осы есептілікті жасау күніне берілген өлшем бірлікте ұсынылуы тиіс.

ҚЕХС 29 негізгі есептік мәліметтерді инфляцияны ескере отырып қайта есептеуді талап етеді. Гиперинфляцияға бейім валютада есеп жүргізетін компаниялардың қаржылық есептіліктері бастапқы немесе ағымдағы құны бойынша бағалау әдісін қолдану кезінде есепті балансты жасау күніне ақшаның тұрақты сатып алушылық қабілетіне қайта есептелуі тиіс. Бұл талап өткен есепті кезеңдердің тиісті көрсеткіштеріне де қатысты. Активтер мен пассивтердің монетарлық баптары бойынша сатып алушылық қабілетінің өсуі не кемуі ағымдағы пайдада көрсетілуі тиіс.

Қазақстанда алдағы уақытта ҚЕХС енгізуді бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің дамуы және реформалауында заңды кезең ретінде қарастыру керек. Осыған байланысты қолданыстағы есеп пен есептілік жүйесін ҚЕХС 29 сәйкес келтіру қажеттілігі туындайды. Ол үшін қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелері бойынша компанияның есептілігі есеп беру кезеңінде инфляция қарқынына түзетілуі тиіс.

Аталмыш стандартты қолданудың баланстық есептілікке тигізетін әсері инфляция деңгейіне, компания міндеттемелері талабының арақатынасына тәуелді.

Инфляциялық үдерістер тек сол бір активтер мен міндеттемелердің пайда болу уақытына байланысты әр түрлі ақша бірліктерінде болуына әкеледі. Мұндай алшақтық есептік мәліметтерді едәуір бұрмалауы мүмкін. Тұрақсыз валютада құрастырылған қаржылық есептіліктің осы жетіспеушілігін жою үшін бұрыннан пайда болған ақша сомаларына түзету жасау қажет. Қазақстандық компаниялар 15 жылдан астам уақыттан бері қаржылық есептілікке жүйелі түзетулер жасай алмай, жоғары инфляция жағдайында жұмыс істеп келеді, сәйкесінше ол пайдаланушылар үшін ақпараттылықтың салмақты бұрмалануына және маңыздылығын жоғалтуына әкелді. Инфляцияның тигізетін әсерінің салдарлары компанияның мүлктік және қаржылық жағдайы туралы ақпараттардың белгісіздігін айтарлықтай көтеріп, қаржылық есептіліктің шынайылығын және салыстырмалығын төмендетеді, әрі осындай есептіліктің негізінде дәйекті инвестициялық және басқарушылық шешімдерін қабылдау мүмкіндігін қиындатады.

Қазақстан Республикасында инфляцияның меншікті капиталға әсерін жою немесе азайту екі жолмен жүзеге асырады.

Біріншісі, ішкі деңгейде, кәсіпорынның жарғысында көрсетілгендей резервтік капитал арқылы. Резервтік капиталдың белгілі көлемге жетіп жарғылық капиталды ұлғайтуы және осы арқылы инфляцияның әсерлерін жою болып табылады.

Екіншісі, сыртқы деңгейде, яғни кәсіпорыннан тыс Қазақстан Республикасының Заңдарымен реттелуі. Мемлекет капиталдың минималды көлемін бекітіп, оның жүзеге асуын қадағалайды. Мысалы: Жауапкершілігі шектеулі серіктестің минималды жарғылық

капиталының мөлшері 100 айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы керек. Ал айлық есептік көрсеткіш мемлекетпен болжамдалған инфляциямен бірге есептеліп, анықталады. Егер кәсіпорын капиталы керекті мөлшерден кем болып жатқан жағдайда оны бір жыл көлемінде арттыруды талап етеді, ол жүзеге аспаған жағдайда сот шешімімен кәсіпорын банкрот деп жарияланады.

Инфляцияның меншікті капиталдың көлеміне өзгерісі туралы есеп берудің түзету енгізген көрсеткіштері түзету енгізілген есептіліктің сәйкесінше көрсеткіштерін есепке ала отырып бухгалтерлік есеп Ережесіне сәйкес анықталынады. Түзету енгізілген есептіліктен активтерді қайта бағалау, резервтік капиталға аударымдар тікелей алуға болмайтын көрсеткіштер балансқа енгізілген түзетуге ұқсас тәртіпте түзетіледі.

1. Особенности финансовой отчетности в условиях инфляции, //Қаржы-Қаражат. – 2008. - № 2-3- 41-45б.- 0,31 б.т.

2. Методы учета и анализа финансовой отчетности в соответствии с международными стандартами //Бюллетень Финансы и право. - 2008. - № 43. -10-11б.-0,25 б.т.

3. 29-шы «Гиперинфляция жағдайындағы қаржылық есептеме» ХҚЕС-на сәйкес қаржы есептемесін қалыптастыру бойынша ұсыныстар//ҚазЭУ Хабаршысы - 2008. - № 5- 0,8 б.т

\*\*\*

Незначительный уровень инфляции не оказывает большого влияния на финансовое состояние предприятия и его отчетность. Высокий уровень инфляции отрицательно влияет на все стороны финансово- хозяйственной деятельности, а бухгалтерская (финансовая) отчетность становится необъективной. Поэтому в Казахстане остро возникают вопросы проблемы переоценки и исправление статей баланса, в особенности капитала предприятия.

В экономической практике имеется два подхода к устранению влияния инфляции на собственный капитал в отчетность предприятия:

- государство устанавливает минимум с помощью МРП;
- предприятие увеличивает собственный капитал.

\*\*\*

Slight inflation has little impact on the financial condition of the company and its reporting high inflation adversely affects all aspects of financial and economic activities, and accounting (financial) reporting is biased. Therefore, in Kazakhstan there are urgent issues and correcting problems revaluation of balance sheet items, in particular capital company.

In economic practice, there are two approaches to eliminate the effects of inflation on equity in the reporting enterprise:

- The state is set using a minimum with MCI;
- A company increases equity.

*А.А. Утешова*

## **ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ІШКІ АУДИТТІ РЕТТЕЙТІН ЗАҢДЫҚ АКТІЛЕР МЕН ЕРЕЖЕЛЕР ТОПТАМАСЫ**

Қазіргі аудит ХІХ ғасырдың аяғында кәсіпорынның жеке заңды тұлға ретінде пайда болу кезінен бастап өзгерістерге ұшырады. Бұл меншік құқығын басқарудан бөлуге әкелді және соның нәтижесінде шешімдерді қабылдаудың күнделікті процесіне қатыспаған меншік иелерінің акционерлердің акционер мен директор бір адам болып табылатын шаруашылықты жүргізудің шағын субъектілерінен басқасының құқығын қорғау қажеттігі пайда болды.

Соныменен бүгінгі мақалада орын алайын деп отырған негізгі де өзекті тақырыбы ол шет елдердегі және Қазақстан Республикасындағы ішкі аудитті реттейтін заңдық актілер мен ережелер топтамасына терең шолу жасау болып табылады. Бұл саладағы актілер мен